

**«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС мәжілісінің 2024 жылғы 03 желтоқсандағы ҚАУЛЫСЫ**

**1. Abai Digital University: оқыту және басқару қызметін цифрландыру.** *Цифрландыру жөніндегі проректор Н.Б.Мусабаяевтың "Abai Digital University: оқыту және басқару қызметін цифрландыру" туралы баяндамасын тыңдап және талқылай келе, ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:*

1. *Цифрландыру жөніндегі проректор Н.Б.Мусабаяевтың "Abai Digital University: оқыту және басқару қызметін цифрландыру" ақпараты назарға алынсын.*
  2. **Факультет декандары, институт директоры мен кафедра меңгерушілеріне:**
    - жүйеге оқытудың барлық курстары мен деңгейлері бойынша білім беру бағдарламаларын толтыруды, сондай-ақ "Менің ақпаратым" бөлімінде жеке ақпаратпен толтыра отырып, барлық ПОҚ платформасында тіркеуді қамтамасыз ету.
- Цифрландыру басқармасына:**
- барлық студенттердің деректерін университеттен Abai Digital-ға көшіруді қамтамасыз ету.
- Академиялық мәселелер департаментінің директорына:**
- 2 семестрден бастап студенттер мен ПОҚ жұмысында Abai Digital цифрлық платформасын пайдалануды ұйымдастырылсын.

**2.2023-2024 оқу жылының қорытындысы туралы.** Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Б.М.Нарбекованың "2023-2024 оқу жылының қорытындысы туралы" баяндамасын тыңдап және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Б.М.Нарбекованың "2023-2024 оқу жылының қорытындысы туралы" ақпараты назарға алынсын.
2. **Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорына:**
  - желілік оқытудан кредиттік оқыту технологияларына және жобалық оқытуға көшу мәселесін пысықтау,
  - құзыреттер орталығын дамыту бойынша бизнес және халықаралық әріптестермен ынтымақтастықты күшейту,
  - ПОҚ-ны ЖОО-ның Академиялық саясатымен және академиялық адалдық қағидаттарымен таныстыру бойынша жұмыс жүргізу,
  - дуальды оқыту элементтерін қоса отырып, үздіксіз педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу сапасын арттыру.
3. **Білім беру бағдарламаларын талдау департаментінің директорына:**
  - "Зерттеуге бағдарланған білім беру" тәсілін енгізе отырып, білім беру бағдарламаларын уақытылы өзектендіруді және жаңартуды жүзеге асыру,
  - Дүниежүзілік Банктің "орта білім беруді жаңғырту" жобасы шеңберінде әзірленген білім беру бағдарламаларының табысты іске асырылуын қамтамасыз ету,
    - ПОҚ үшін критериялды бағалау мәселелері бойынша және жоғары білім беру саласындағы нормативтік құжаттар бойынша оқыту семинарларын ұйымдастыру және өткізу,
    - major/minor және double major бағдарламаларын, сондай-ақ шағын жинақты мектептерге арналған оқыту бағдарламаларын енгізу арқылы білім беру бағдарламаларының құрылымын жетілдіруді қамтамасыз ету,
    - шетелдік серіктестермен бірлесіп пәнаралық және жаһандық білім беру бағдарламаларын әзірлеуді қамтамасыз ету.
4. **Факультет декандарына, институт директоры, құрылымдық бөлімше басшыларына, кафедра меңгерушілеріне:**
  - педагогикалық білім беруді дамыту тұжырымдамасын талқылауды қамтамасыз ету,
  - "Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті" даму бағдарламасының негізгі көрсеткіштерінің орындалуын қамтамасыз ету.
  - еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, кәсіптік стандарттар негізінде білім беру бағдарламаларын жаңартуды қамтамасыз ету.
  - тиісті бағыттар бойынша кадрларға қажеттілікті ескере отырып, кәсіптік бағдар беру жұмысына дайындықты жүргізу,
  - ЖАО-мен бірлесіп инклюзивті білім беру моделін іске асыруды қамтамасыз ету,

- "ЖОО – ТЖКБ-мектеп" консорциумы шеңберінде жұмыс берушілермен ынтымақтастықты дамыту жөніндегі жұмысты күшейту
- MOOK және Coursera, инновациялық курстар банкі құруды қамтамасыз ету,
- университет түлектерімен жұмысты күшейту: әдістемелік және психологиялық көмек, тренингтер, оқыту семинарлары/вебинарлар және т. б. өткізу.
- жасаңды интеллект көмегімен пәндерді оқыту әдістерін жаңартуды қамтамасыз ету.
- факультеттер мен институттардың әдістемелік бюроларының жұмысын жандандыру.

3. Стратегия және интернационалдандыру жөніндегі проректоры А.Т.Искакованың "Абай атындағы ҚазҰПУ жаһандық рейтингте ілгерілету нәтижелері және 2025 жылға арналған міндеттер туралы" баяндамасын тыңдап және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

*Стратегия және интернационалдандыру жөніндегі проректоры А.Т.Искакованың "Абай атындағы ҚазҰПУ жаһандық рейтингте ілгерілету нәтижелері және 2025 жылға арналған міндеттер туралы" ақпараты назарға алынсын.*

**1. Проректор А.Т.Искаковаға, Стратегия департаментінің директоры Э.М. Таттибаеваға, Халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры Б.О. Сапарғалиеваға:**

- Абай атындағы ҚазҰПУ-дың жаһандық рейтингтердегі көрсеткіштерін дамыту және жылжыту бойынша 2025 жылға арналған Жол картасын әзірлеу, сонымен қатар атқарылу туралы мониторингін әр тоқсан сайын жүргізу (*Орындалу мерзімі: 10.12.2024 жылға дейін.*);

- Студенттер мен ПОҚ-тың академиялық ұтқырлығын (сыртқы және ішкі) кеңейту бойынша ұсыныстарды әзірлеу (*Орындалу мерзімі: 10.01.2025 жылға дейін.*);

- Шетелдік оқытушыларды (оффлайн/онлайн) ұзақ мерзімді келісімшарттар негізінде тартуды белсенді түрде жүзеге асыру (*Орындалу мерзімі: жыл бойы.*).

**2. Академиялық мәселелер жөніндегі департаменті директоры Х.Н. Жаубекбаеваға, Білім беру бағдарламаларын талдау департаменті директоры А.М. Байдильдинаға, факультет декандарына:**

- жыл сайын шетелдік академиялық сарапшылар мен жұмыс берушілер тізімдерін жасау және жаңартып отыру (*Орындалу мерзімі – жыл бойы.*).

- Білім беру бағдарламаларын талдау департаментінің 2025 жылға арналған жұмыс Жоспарына келесі пәндердің QS пәндік рейтингіне кіруіне бағытталған іс-шаралар енгізу; «Философия» (Philosophy), «Қазіргі тілдер» (Modern Languages), «Өнер және дизайн» (Art Design), «Тіл білімі» (Linguistics) және «Құқықтану» (Law) (*Орындау мерзімі – жыл бойы.*);

- **Education management school жетекшісінің м.а. Г.М. Ходжабергеноваға:** 2025 жылға арналған біліктілікті арттыру жоспарына халықаралық сарапшыларды тарта отырып, ПОҚ пен мұғалімдердің білім берудегі тұрақты даму бойынша курстарын енгізу (*Орындалу мерзімі – 10.01.2025 жылға дейін.*).

**3. Зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректор Е. Сұлтанға, Ғылым департаментінің директоры У.М.Әбдіганбароваға, факультет декандарына, кафедра меңгерушілеріне ғылыми-зерттеу қызметін жандандыру және индекстелген халықаралық журналдардағы ғылыми жарияланымдарды көбейту мақсатында:**

- ПОҚ-тың баспа қызметі деңгейін 2026 жылға қарай 1000 басылымға және соңғы 3 жылда жыл сайын кемінде 100 басылымға жеткізу.

- Q1-Q2 бойынша жарияланымдар санын және дәйексөз көрсеткіштерін ұлғайту, серіктес жоғары оқу орындарының ғалымдарымен ғылыми ынтымақтастықты дамытуға ықпал ету (*Орындалу мерзімі: жыл бойы.*).

- кафедралар мен ғылыми кеңестер мәжілістерінің күн тәртібіне «Педагогикалық ұжымның басылымдық белсенділігін арттыру туралы» мәселені енгізу (*Орындалу мерзімі: жыл бойы.*).

- жаңа желілік өзара әрекеттестіктерді құру, халықаралық ғылыми бірлестіктер мен ғылыми жобаларға қосылу бойынша жұмысты жандандыру (*Орындалу мерзімі: 02.01.2025 жылға дейін.*);

- шетелдік ғылыми сарапшылардың деректер қорын жанарту (*Орындалу мерзімі: 2024 жылдың 15 желтоқсанына дейін.*);

**4. Цифрландыру жөніндегі проректор Н.Б. Мұсабаевқа, кәсіптік бағдар беру және мансаптық даму департамент директорының м.а А. Найманбаевқа, маркетинг бөлімінің басшысы Г.Б. Мусинаға, Баспасөз қызметінің жетекшісі Р. Әбдіқадырқызына:**

4.1 Академиялық беделді арттыру және университет брендин шетелде ілгерілету шеңберінде:

- университет веб-сайтының ағылшын тіліндегі нұсқасын жақсарту бойынша жұмысты жандандыру (2025 жылдың 1 жартысы);
- шетелдік БАҚ-пен жұмыс істеудің медиа-жоспарын әзірлеу, сондай-ақ жоғары рейтингті халықаралық журналдарда жарияланған ПОҚ жарияланымдарын әлеуметтік желілерде және БАҚ-та ілгерілету (Орындалу мерзімі: жыл бойы);
- www.kaznu.kz ресми сайты ақпаратты жылдам іздеу үшін халықаралық стандарттарға сәйкес оңтайландыру (Орындалу мерзімі – 1.02.2025 жылға дейін);

**4.2 Халықаралық рейтингтерде стейкхолдерлермен жұмыс беделін арттыру мақсатында:**

- жұмыс берушінің мәліметтер базасын жаңарту (сыртқы және ішкі) (Орындалу мерзімі – 15.12.2025 жылға дейін);
- құрылымдық бөлімшелердің жұмыс жоспарына білім беру ұйымдарымен, үкіметтік емес ұйымдармен және қорлармен имиджді қалыптастыру шараларын енгізу (Орындалу мерзімі – 20.01.2025 жылға дейін).

**5. Қаржы және инфрақұрылымды дамыту жөніндегі проректор Қ.А. Аменоваға, Инфрақұрылымды дамыту департамент директорының м.а Т.Қ.Бекқожановқа, факультет декандарына:**

2029 жылға дейінгі Даму бағдарламасы және университеттің тұрақты дамуға көшуі шеңберінде инфрақұрылымды жаңғырту мақсатында тұрақтылық саласындағы тәжірибеге бағытталған жобаларды іске асыруды бюджеттік қаржыландыруды қамтамасыз ету: («Ақылды ғимарат», жаңартылатын энергия көздері және т.б.) (Орындалу мерзімі: 2025-2029);

- транспорт, энергия және су көрсеткіштерін жақсарту үшін критерийлерді орындауға арналған іс-шараларды департамент жұмысының жоспарына енгізу (Орындалу мерзімі: 20.12.2024);

**6. Әлеуметтік даму жөніндегі проректор М.Жақауовқа, Әлеуметтік және жастар саясаты жөніндегі департамент директоры Жетібай Рақымбердіге, факультет декандарына/СҚИ директорына, Б.Б.Нұрбатыровқа:**

- халықаралық ынтымақтастық департаментімен бірлесіп 2025 жылға арналған шетелдік студенттермен жұмыс істеу бойынша Жол картасын әзірлеу (Орындалу мерзімі – 20.12.2024 жылға дейін);

- Түлектер қауымдастығының қызметін жандандыру (Орындау мерзімі – 20.01.2025 жылға дейін);

- Тәрбие жұмысы департаментінің жоспарына тұрақтылық және инклюзия саласындағы іс-шараларды енгізу (Орындау мерзімі – 20.12.2025 жылға дейін).

**4. Академиялық мәселелер жөніндегі директоры Х.Н.Жанбековтың "2024/2025 оқу жылына бакалавриат мамандықтарына «Қазақстан тарихы» пәні бойынша МЕК төрағасын, құрамын және бітіруші бакалавриат, магистратура, докторантура мамандықтары бойынша МАК төрағасын, құрамын бекіту" туралы баяндамасын тыңдап және талқылай келе, ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2024/2025 оқу жылына «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағалары бекітілсін.
2. 2024/2025 оқу жылына бакалавриат және магистратура білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттау комиссияларының төрағалары бекітілсін.

5. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбековтың «Астана, Алматы, Талдықорған қалаларының Білім басқарламаларымен бірлесе отырып 4 курс студенттерінің педагогикалық практикасын ұйымдастыру туралы» баяндамасын тыңдап, талқылай келе, ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС, ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:

**Факультеттер декандарына:** CLOCKSTER – платформасында бүгінгі күнге дейін тіркелмеген 352 студентті практика жетекшісімен анықтап, факультет декандары тарапынан шара қолдануды жүзеге асырсын;

**Кафедра меңгерушілеріне, практика жетекшілеріне, әдіскерлерге, педагог-психологтарға:**

-CLOCKSTER платформасында тіркеліп келіп-кету белгіленбеген 64 студенттің жетекшілерімен анықтап, факультет деканаттары тарапынан түсіндіру жұмыстары жүргізілсін;

-Ай сайын dis.kaznu.kz сайтында жүктелген мәліметтерді, кафедра мәжілісінде талқылап, практика өту барысындағы жұмыстарға қорытынды жасалсын;

-Педагогикалық практиканы, сапалы түрде жүргізу мақсатында мектеп тарапынан бекітілген пән мұғалімдерімен тығыз байланыс орнатылсын;

-Пән мұғалімдері – университет әдіскерлері – педагог – психологтар бірлесіп Педагогтың білімін бағалауға (ПББ) дайындық жұмыстарын жүргізісін.

6.Өртүрлі.

7. Осы қабылданған шешімдердің орындалуын қадағалау академиялық қызмет жөніндегі проректор Б.М.Нарбековаға жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Бас ғалым хатшы

  
  
  
Б.А.Тілеп  
М. А. Абсатова